

# **Химия**

---

**REPORTS OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

ISSN 2224-5227

Volume 2, Number 312 (2017), 117 – 123

UDC 541.1.38MC, T.A. A.B.

**A.B. Bayeshov<sup>1</sup>, A.S. Kadirbayeva<sup>1</sup>, A.K. Bayeshova<sup>2</sup>, M.Zh. Zhurinov<sup>2</sup>**

<sup>1</sup> D.V. Sokolsky Institute of Organic Catalysis and Electrochemistry, Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup> Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

[bayeshov@mail.ru](mailto:bayeshov@mail.ru), [altinay\\_aidyn2789@mail.ru](mailto:altinay_aidyn2789@mail.ru), [azhar\\_b@bk.ru](mailto:azhar_b@bk.ru)

## **DISSOLUTION OF ALUMINUM ELECTRODES IN SODIUM CHLORIDE SOLUTION WITH ADDITION OF ALKALINEBYPOLARIZATION OF ALTERNATING CURRENT**

**Annotation.** There were investigated the process of electrochemical dissolution of bipolar and monopolar electrodes in a solution of aluminum chloride with addition of sodium hydroxide at polarization of alternating current and developed a new method of synthesis of aluminum hydroxide. In order to determine the mechanism of formation of aluminum hydroxide during polarization by alternating current, the anode, cathode, anode-cathode potentiodynamic cyclic polarization curves in 0.05 n and 0.25 n sodium chloride with addition of sodium hydroxide are withdrawn.

The effect of current density, electrolyte concentration for the formation of aluminum hydroxide, during polarization of aluminum electrodes by alternating current with a frequency of 50 Hz in solutions of sodium chloride with addition of sodium hydroxide is studied. It is shown that, when the current density at the electrodes in the range 50-250 A/m<sup>2</sup> the current output value of dissolution of each aluminum electrode are reduced on the average from 280% to 75%. It is found that under optimum conditions of electrolysis ( $i = 50 \text{ A/m}^2$ ,  $\text{NaOH} = 0,05 \text{ n}$ ,  $\text{NaCl} = 1 \text{ n}$ ,  $t = 20^\circ\text{C}$ ) the average current output value of the formation of aluminum hydroxide was 280%. It was shown that during the polarization at alternating current, the rate of dissolution of the bipolar aluminum electrode is almost equal to the rate of dissolution of monopolar electrodes.

**Keywords:** electrolysis, polarization, aluminum, sodium hydroxide electrolyte.

ӘОЖ: 541.1.38

**А.Б. Баешов<sup>1</sup>, А.С. Кадирбаева<sup>1</sup>, А.К. Баешова<sup>2</sup>, М.Ж. Жұрынов<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Д.В. Сокольский атындағы Жанармай катализ және электрохимия институты, Алматы қ., Қазақстан;

<sup>2</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

## **АЙНЫМАЛЫ ТОҚПЕН ПОЛЯРИЗАЦИЯЛАНГАН АЛЮМИНИЙ ЭЛЕКТРОДТАРЫНЫҢ СІЛТІ ҚОСЫЛҒАН НАТРИЙ ХЛОРИДІ ЕРІТІНДІСІНДЕ ЕРУІ**

**Аннотация.** Биполярлы және монополярлы алюминий электродтарының сілті қосылған натрий хлориді ерітіндісінде айнымалы тоқпен поляризациялау кезіндегі электрохимиялық еру процесі зерттелді және алюминий гидроксидін синтездеудің жаңа тәсілі жасалды. Айнымалы тоқпен поляризациялау кезінде алюминий гидроксидінің түзілуінің механизмін анықтау мақсатында сілті қосылған натрий хлориді ерітіндісінде алюминий электродының анодты, катодты және анод-катодты циклді потенциодинамикалық поляризация-

лық қисықтары түсірілді. Бұл тәжірибелер натрий гидроксиді ерітіндісінің 0,05н және 0,25 н ерітінділерінде жасалды.

Сонымен сілті қосылған натрий хлориді ерітіндісінде алюминий электродтарын жиілігі 50 Гц өндірістік айнымалы тоқпен поляризациялағанда, алюминий гидроксидінің түзілүінен тоқтығызырының және натрий гидроксиді ерітіндісінің концентрациясының эсерлері зерттелді. Электродтардағы тоқтығызырының  $50\text{-}250 \text{ A/m}^2$  аралығында арттыру барысында әрбір алюминий электродының еруінің орташа тоқ бойынша шығымының мәндері 280%-дан 75%-ға дейін төмөндейтіндігі көрсетілді. Электролиздің онтайлы жағдайларында ( $i = 50 \text{ A/m}^2$ ,  $\text{NaOH} = 0,05\text{n}$ ,  $\text{NaCl} = 1\text{n}$ ,  $t=20^\circ\text{C}$ ) алюминий гидроксидінің түзілүінен орта есеппен алынған тоқ бойынша шығымының максималды мәні 280%-ға тең болатындығы анықталды. Айнымалы тоқпен поляризацияланған биполярлы алюминий электродының еру жылдамдығы монополярлы электродтардың еру жылдамдығымен шамамен бірдей екені алғаш рет көрсетілді.

**Түйінсөздер:** электролиз, поляризация, алюминий, натрий гидроксид, электролит.

Алюминийдің кез келген қосылысын синтездеу кезінде, шикізат ретінде алюминий гидроксиді қолданылатындықтан, қазіргі таңда осы қосылыска деген сұраныс біршама артып отыр. Алюминий гидроксиді өзінің әртурлі заттарды адсорбциялау қабілетіне байланысты суды тазартуда, медициналық вакцина жасаудапайдаланылатын әртурлі препараттар құрамына енеді [1,2]. Осыған байланысты алюминий гидроксидін синтездеудің және алынған өнімнің тазалық дәрежесін жоғарылатудың амалдарын іздестіру өзекті мәселелер қатарында болып көрінеді.

Биполярлы және монополярлы алюминий электродтарын сілті қосылған натрий хлориді ерітіндісінде айнымалы тоқпен поляризациялау кезіндегі электрохимиялық еруін зерттеу және электролиз нәтижесінде түзілетін алюминий гидроксидін синтездеу мүмкіншілктерін анықтау осы жұмыстың мақсаты болып табылады.

Алюминийдің электрохимиялық қасиетін зерттеу, негізінен, оны анодтау процесіненbastau алған. Құқырт қышқылы ерітіндісінде электрохимиялық анодтау процесінде металдардың беті оксидті пленкамен қапталады. Сол себепті, бұл процесс - алюминийді коррозиядан қорғау үшін және декоративті мақсатта, автобус, троллейбус, трамвай тетіктерін және де басқа қондыргыларды жасауда қолданылып келеді [3-6].

Алюминий электродының сулы ерітінділерде айнымалы тоқпен поляризациялау кезіндегі еруінің механизмдерінанықтау бағытында бұрын да бірқатар зерттеулер жүргізілген [7-19].

Алдын-ала жүргізілген зерттеулер алюминий электродын натрий гидроксиді қосылған натрий хлориді ерітіндісінде айнымалы тоқпен поляризациялағанда алюминий гидроксидінің түзілетіндігін көрсете.

Айнымалы тоқпен поляризациялау кезінде тоқ бағытының өзгеруі орын алатындығы белгілі, бірақ тек электролиз нәтижесіне қарап, процестің механизмін анықтау мүмкін емес. Ал басқа жағынан қарастырганда, электродтардың циклді поляризациялық қисықтарын түсірсе, тоқ бағыты өзгерген сэтте қандай процестер жүретіні байқалады. Сол себептен, осы жұмыста алюминий электродтарын айнымалы тоқпен поляризациялау кезінде алюминий гидроксидінің түзілу механизмін анықтау мақсатында сілті қосылған натрий хлориді ерітіндісіндеанод, катодты және анод-катодтыциклді потенциодинамикалық поляризациялық қисықтары түсірілді.


Потенциодинамикалық поляризациялық қисықтар түсіру үшін «Autolab PGSTAT 302N» потенциостаты қолданылды. Эксперименттер электрод кеңістіктері белінген үш электродты ұшыяқта жүргізілді. Жұмыс электроды ретінде диаметрі 1,5 мм алюминий сымының беткі шеті, ал екінші қосымша электрод ретінде платина сымы қолданылды. Барлық потенциал мәндері қанақкан калий хлориді ерітіндісіне салынған күмісхlorлы салыстыру электродына салыстыра келтірілген (+0,203В).

Әрбір тәжірибе алдында электродтар ұнтақтылығы 2000 болатын түрпі (наждак) материалында тегістеліп, спиртпен майсыздандырылып, сумен шайылып, сонынан фильтр қағазымен мүқият суртілді.

Потенциодинамикалық поляризациялық қисықтарды натрий хлориді ерітіндісінде түсіру кезінде натрий гидроксиді ерітіндісінің минимальді (0,05н) және максималды (0,25 н) концентрациялары алынды.

Натрий гидроксиді қосылған натрий хлориді ерітіндісінде түсірілген анодты потенциодинамикалық поляризациялық қисықта алюминий электродының потенциалын анод бағытында


ығыстырғанда, «минус» 600 мВ потенциалдар аумағынан бастап металдың анодты ерутогы полярограммада тіркелді (1-сурет). Натрий гидроксиді концентрациясының 0,05-0,25 н аралығында өзгеруі кезінде, потенциодинамикалық қисықтарда айтарлықтай өзгеріс байқалмайды.



v=50mB/c; t=25<sup>0</sup>C; C, H: 1- NaCl-1,0 + NaOH-0,05; 2-NaCl-1,0 +NaOH-0,25;

1-сурет – Алюминий электродының анодты потенциодинамикалық поляризациялық қисығы


Алюминий электродының катодты потенциодинамикалық поляризациялық қисығында(2-сурет) электродты электролитке салып, теріс потенциалдар мәніне ығыстырғанда, «минус» 1500-1800 мВ-тен бастап сутек иондарының разрядталу тогы полярограммада тіркелді.



v=50mB/c; t=25<sup>0</sup>C; C, H: 1-NaCl-1,0 + NaOH - 0,05; 2- NaCl-1,0 + NaOH - 0,25;

2-сурет – Алюминий электродындағы катодты потенциодинамикалық поляризациялық қисығы


Алюминий электродының натрий гидроксиді ерітіндісіндегі анод-катод потенциодинамикалық поляризациялық қисығында электрод потенциалы «минус» 600 мВ-тен бастап, металдың еруі орын алса, электрод потенциалыанодтан катод бағытына ығысқанда, «минус» 1500 мВ-тен бастап, сутек иондарының разрядталу тогы полярограммада тіркелді(3-сурет).



$v=50\text{mB/c}$ ;  $t=25^{\circ}\text{C}$ ; С, н: 1-NaCl - 1,0 + NaOH - 0,05;

3-сурет – Алюминий электродындағы циклді анод-катодты потенциодинамикалық поляризациялық қысығы

Екі монополярлы бір биполярлы алюминий электродтарын айнымалы токпен поляризациялау арқылы натрий гидроксиді қосылған натрий хлоридіртіндісінде электролиз жүргізді. Айнымалы токпен поляризацияланған алюминий электродтарын тізбекке биполярлы және монополярлы түрде қосу арқылы электрохимиялық ерітуге арналған кондырығының принципиалды схемасы 4-суретте көрсетілген. Үш алюминий электродтарын(аудандары  $15,75 \cdot 10^{-2}\text{m}^2$ ) электролизерге бір-біріне параллель түрде вертикалды орналастырылады. Ток көзінен келіп тұрған айнымалы ток шеткі монополярлы электродтарға(1) жалғанады, ал ортадағы электрод (2) биполярлы электрод рөлін атқарды. Әрбір тәжірибе уақыты - 0,5 сағ., натрий гидроксиді ерітіндісінің концентрациясы - 0,05N, натрий хлориді ерітіндісінің концентрациясы - 1 N, электролит температурасы - 20°C кезінде жүргізді.



1-монополярлы поляризацияланған алюминий электродтары, 2 – биполярлы поляризацияланған алюминий электродтары, 3 – амперметр, 4- кітт, 5 – электролизер, 6-зертханалық трансформатор ЛАТР

4- сурет – Айнымалы токпен поляризацияланған алюминий электродтарын тізбекке биполярлы және монополярлы түрде қосу арқылы электрохимиялық ерітуге арналған кондырығының принципиалды схемасы

Алюминий электродтарын жиілігі 50 Гц өндірістік айнымалы токпен поляризациялағанда, алюминийгидроксидінің түзілуіне айнымалы ток тығыздығының және натрий гидроксиді ерітіндісінің концентрациясының эсерлері зерттелді.

Айнымалы тоқтың әрбір анодтық жартылай периодында әрбір алюминий электроды өз иондарын түзе ери алады[20]:




Ал катодтық жартылай периодта алюминий электродтарының бетінде сутек иондарының разрядталуы жүреді:




яғни, бұл жартылай периодта сутектің бөліну реакциясы мен гидроксид-иондарының түзілуу реакциясы қатар жүреді.


Нәтижесінде анод жартылай периодында түзілген алюминий иондары мен катод жартылай периодында түзілген гидроксид-иондары ерітінді көлемінде бір-бірімен әрекеттесіп, алюминий гидроксиді  $\text{Al}(\text{OH})_3$  түзіледі:



Тізбекке жалғанған алюминий электродтарын айнымалы тоқпен поляризациялау кезіндегі алюминий гидроксидінің түзілуінің тоқ бойынша шығымына электродтардағы тоқ тығыздығының әсері зерттелді (5-сурет). Суретте тізбекке монополярлы жалғанған екі электродтың еруйнің әрқайсысының тоқ бойынша шығымдары (5-сурет 1, 2-кисықтар), сонымен қатар, электролизердің ортасына орналастырылған биполярлы үшінші электродтың еруйнің тоқ бойынша шығымының мәні (5-сурет, 3-кисық) де көрсетілген. Электродтардағы тоқ тығыздығын  $50-250 \text{ A/m}^2$  аралығында арттыру барысында алюминий электродының еруйнің тоқ бойынша шығымының орташа мәндері 280%-дан 75%-ға дейін едәуір төмөндейтіндігі байқалады.



5-сурет - Айнымалы тоқпен поляризацияланғанбиполярлы және монополярлы алюминий электродтардағы тоқ тығыздығының аллюминий гидроксидінің түзілуінің тоқ бойынша пығымына әсері



6-сурет - Айнымалы тоқпен поляризацияланғанбиполярлы және монополярлы аллюминий электродтарының аллюминий гидроксидінің түзе еруйнің тоқ бойынша пығымына натрий гидроксиді ерітіндісінің концентрациясының әсері

Алюминий гидроксидінің түзілуінің тоқ бойынша шығымына натрий гидроксиді ерітіндісінің концентрациясының әсері зерттелінді. Натрий хлориді ерітіндісінің концентрациясы тұрақты 1н, ал натрий гидроксиді ерітіндісінің концентрациясының әсері 0,05-0,25 нинтервалында озгертуліп отырылды(6-сурет). Натрий гидроксидінің концентрациясын 0,05-0,15 н аралығында өсіргенде, алюминий гидроксидінің түзілуінің тоқ бойынша шығымының мәні төмендейді, ал ары қарай 0,15-тен 0,25ндейін өсіргенде тоқ бойынша шығымының жоғарылауы байқалады. Натрий гидроксиді ерітіндісінің 0,05н концентрациясында әрбір электродта алюминий гидроксидінің түзілуінің тоқ бойынша шығымдары ең жоғары мәнге (278,0%) ие болады (6-сурет, 1-қисық). Электролит концентрациясы 0,15 н болғанда,  $\text{Al}(\text{OH})_3$  түзілуінтоқбайынша шығымының өте төменгі мәнге ие болуын түсіндіру қосымша зерттеудерді қажет етеді.

Жүргізілген зерттеулер мемлекеттік №0115РК01182 «Стационарлы емес тоқтарды қолданып комбинерленген темір және алюминий құрамды аралас коагулянттарды синтездеудің электрохимиялық технологиясын жасау» жобасының күнтізбелік жоспарына сай жасалынды.

Қорытындылай келе, жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижелері бойынша биполярлы және монополярлы алюминий электродтарын натрий гидроксиді қосылған натрий хлориді ерітіндісінде өндірістік айнымалы тоқпен поляризациялау арқылы – судытазартуда, медицинада препарат жасауда және алюминийдің бейорганикалық қосылыстарын алуда кенінен қолданылатын алюминий гидроксидін синтездеудің жаңа тиімді әдісі жасалды. Айнымалы тоқпен поляризацияланған монополярлы және биполярлы алюминий электродтарының натрий гидроксиді қосылған натрий хлориді ерітіндісінде алюминий гидроксидінің түзілуінің тоқ бойынша шығымына электродтағы тоқ тығыздығының, электролит концентрациясының әсерлері зерттелді. Электролиздің онтайлы жағдайларында ( $i = 50 \text{ A/m}^2$ ,  $\text{NaOH} = 0,05\text{n}$ ,  $\text{NaCl} = 1\text{n}$ ,  $t=20^\circ\text{C}$ ) алюминий гидроксидінің түзілуінің әрбір электродтағы тоқ бойынша шығымының максималды мәні 280% тең болатындығы анықталды.

## ӘДЕБИЕТ

- [1] И.Л.Куняинс. Алюминий. Краткая химическая энциклопедия /Под ред. Изд-во Советская энциклопедия, 1961.Т.1 -С.147-159
- [2] Алюминий. Краткая химическая энциклопедия / Под ред. И.Л.Куняинс. М., Изд-во Советскаяэнциклопедия, 1961.Т.1.
- [3] Бялобжеский А.В. Методы анодирования алюминия. ВИНТИ, 1956, № И-56-127.
- [4] Голубев А.И. и Утянская А.И. Процессы, протекающие на алюминиевых сплавах при анодировании в серной кислоте. М., МДНТП, 1959, вып. 1., стр. 55.
- [5] Москвичев Г.С., Герасимов В.В. Влияние состава воды на анодное поведение алюминия. Сб. Коррозия реакторных материалов. М., Атомиздат, 1960.
- [6] Кротов И.В. Усовершенствование оборудования и технология глубокого анодирования алюминия и его сплавов. «Журнал физической химии», 1954, т. 28, № 9, стр. 1550-1554.
- [7] Қоңыраев А.Е., Баев А.Б., Ибрагимова Г.Н. Темір және алюминий электродтары бар электролизерлерін тізбектей жалғап айнымалы тоқпен поляризациялау арқылы коагулянтты синтездеу // КР YFA Хабарлары, – 2016. - №4. – Б. 28-35.
- [8] Баев А., Қоңыраев А., Ибрагимова Г.Н., Мырышова А.С. Темір және алюминийдің аралас түздарын электродтарды айнымалы тоқпен поляризациялау арқылы алу // КР YFA Хабарлары, 2015, № 5, б.23.
- [9] Баев А., Конураев А.Е. Ибрагимова Г.Г. Айнымалы тоқпен поляризацияланған алюминий электродының түз қышқылы ерітіндісінде еруі // КР YFA Хабарлары, 2014, № 5, б. 34.
- [10] Сарбаева М.Т., Баев А.Б., Сарбаева Г.Т. Үш фазалы өндірістік айнымалы тоқпен поляризациялаган алюминий электродының наноразмерлі  $\text{Al}(\text{OH})_3$  түзе еруі. // Химия және химиялық инженерия саласындағы жоғарғы білім мен гылымның қазіргі мәселелері. «Халықаралық симпозиум материалдары». Алматы. 2013. -Б.134-140.
- [11] Қоңыраев А.Е., Баев А.Б., Кадирбаева А.С., Мырышова А.С. Өндірістік жиіліктері айнымалы тоқпен поляризацияланған алюминий электродтарының сульфат иондары бар ерітінділердегі электрохимиялық қасиеті // КР YFA Хабарларысы, 2016, №5, б. 159-163.
- [12] Баев А., Сарбаева Г., Сарбаева К., Кемекова Г.О. Алюминийдің үш фазалы айнымалы тоқ поляризациясы кезіндеғі фосфор қышқылы ерітіндісіндегі электрохимиялық қасиеті //Вестник КазНТУ, № 4 (80), 2010, С.266.
- [13] Баев А., Сарбаева М., Сарбаева Г. Алюминийді үш фазалы өндірістік айнымалы тоқпен поляризацияланған еріту арқылы алюминий (III) хлоридін алу Тр. Пятой межд. научно-практич. конф. «Проблемы инновационного развития нефтегазовой индустрии» Алматы, КБТУ, 2013, Т. 1, с. 135
- [14] Баев А., Гаипов Т.Э., Адайбекова А.А. Айнымалы тоқпен поляризацияланған алюминий электродының фосфор қышқылы ерітіндісінде еруі // КР YFA Хабарлары, сер. хим. и технология, 2014, №3, с.62.
- [15] Баев А., Адайбекова А.А. Гаипов Т.Э. Анодты импульсті тоқпен поляризацияланған алюминий электродының фосфор қышқылы ерітіндісіндегі еру заңдылықтары // КР YFA Хабарлары, № 4, 2014, с. 35.

[16] Баешов А., Сарбаева Г.Т., Жандарбекова Ш.Б. Бір және үш фазалы токтармен поляризацияланған алюминий электродтарының тұз қышқылы ерітіндісіндегі электрохимиялық қасиеті // КР мемлект. сый. лауреаты КР ҰФА корреспондент мүшесі Ж.Н. Әбішовтың 70-жылдығ. Арн. Әбішов окулары – 2006 «Фазалар айрығы шекарасындағы сүйік – ілім мен тәжірибе» халықаралық ғылыми тәжірибелік конференциясы, Қарағанды – 2006, с. 288.

[17] Сарбаева М. Сарбаева Г.Т. Өндірістік үш фазалы айнымалы токпен поляризацияланған алюминий электродының еруі // Материалы международной научно-практической конференции «Наука и образование в Центральном Казахстане», Караганда, 2013, с. 60.

[18] Баешов А., Сарбаева Г.Т., Султанов Б., Жандарбекова Ш., Сарбаева Қ. Ластанды суларды тазалауга жақетті алюминий қосылыштарын алу Труды Респ. Научно-теоретической конференции «Экология, знание, наука и общество» Приуроченная к 60-летию лауреата Гос. Прем. РК проф. А. Баешова, Кентау-2006, с. 93-96.

[19] Баешов А., Ибрагимова Г.Н. Конурбаев А.Е. Импульсты анодты токпен поляризацияланған алюминий электродының тұз қышқылы ерітіндісінде еру заңдарындағары // Сб. докл. VIII-межд. Беремжановского съезда по химии и химической технологии, Усть-Каменогорск, 2014, С.81.

[20] Баешов А., Мырзабеков Б., Сарбаева Г.Т. Алюминий электродтарын нейтрал ортада бір және үш фазалы айнымалы токтармен поляризациялау арқылы алюминий гидроксидін алу. «Промышленность Казахстана» журналы, Алматы, №2 (59), 2010. –С. 85-87.

#### REFERENCES

- [1] Knunyans I.L. Sovetskaya enciklopediya, 1961.-Т.1 -P.147-159.
- [2]
- [3] Byalobjeskii A.B. VINITI, 1956, № И-56-127.
- [4] Golubev A.I. Utyanskaya A.I. M., MDNTP, 1959, vip. 1., 55 p.
- [5] Moskvichev G.S., Gerasimov V.V. M., Atomizdat, 1960.
- [6] Krotov I.V. Jurnal fizicheskoy himii, 1954, №9, 1550-1554 p.
- [7] Konurbaev A.E., Baeshov A.B., Ibragimova G.N. Izvestiya NAN RK, 2016, 4, 28-35 p.
- [8] Baeshov A.B., Konurbaev A.E., Ibragimova G.N., Mirishova A.S. Izvestiya NAN RK, 2015, 5, 23 p.
- [9] Baeshov A.B., Konurbaev A.E., Ibragimova G.N. Izvestiya NAN RK, 2014, 5, 34 p.
- [10] Sarbayeva M.T., Bayeshov A.B., Sarbayeva G.T. Halikaraliksimpoziummateriyaldari, 2013, 134-140 p.
- [11] Konurbayev A.E., Baeshov A.B., Kadirbayeva A.S., Mirishova A.S. Vestnik NAN RK, 2016, 5, 159-163 p.
- [12] Baeshov A.B., Sarbayeva G.T., Sarbayeva K.T., KomekovaG.O. VestnikKaz NTU, 2010, 4, 266 p.
- [13] Baeshov A.B., Sarbayeva M.T., Sarbayeva G.T. Trudipratyomejdunarodnoykonferensii, 2013, Т.1., 135 p.
- [14] Baeshov A.B., Gayrov T.E., Adaybekova A.A. Izvestiya NAN RK, 2014, 3, 62 p.
- [15] Baeshov A.B., Adaybekova A.A., Gayrov T.E. Izvestiya NAN RK, 2014, 4, 35 p.
- [16] Baeshov A.B., Sarbayeva G.T., ZhandarbekovaSh.B. Trudimejdunarodnoykonferensii, 2006, 288 p.
- [17] Sarbayeva M.T., Sarbayeva G.T. Materiyalimedjnunarodnoykonferensii, 2013, 60 p.
- [18] Baeshov A.B., Sarbayeva G.T., Sultanov B., ZhandarbekovaSh.B. Trudimejdunarodnoykonferensii, 2006, 93 p.
- [19] Baeshov A.B., Ibragimova G.N., Konurbayev A.E. Materiyalimedjnunarodnoykonferensii, 2014, 81 p.
- [20] Baeshov A.B., Mirzabekov B., Sarbayeva G.T. PromishlennostKazakhstan, 2010, №2, 85-87 p.

**А.Б. Баешов, А.С. Кадирбаева, А.Қ. Баешова, М.Ж. Журинов**

#### РАСТВОРЕНИЕ АЛЮМИНИЕВЫХ ЭЛЕКТРОДОВ В В РАСТВОРЕ ХЛОРИДА НАТРИЯ С ДОБАВЛЕНИЕМ ЩЕЛОЧИ ПРИ ПОЛЯРИЗАЦИИ ПЕРЕМЕННЫМ ТОКОМ

**Аннотация.** Исследован процесс электрохимического растворения биполярного и монополярных алюминиевых электродов в растворе хлорида натрия с добавлением гидроксида натрия при поляризации переменным током и разработан новый способ синтеза гидроксида алюминия. С целью выяснения механизма формирования гидроксида алюминия при поляризации переменным током сняты анодные, катодные, анодно-катодные циклические потенциодинамические поляризационные кривые в 0,05 н и 0,25 н растворах хлорида натрия с добавлением гидроксида натрия.

Изучено влияние плотности тока, концентрации электролита на процесс образования гидроксида алюминия при поляризации алюминиевых электродов переменным током с частотой 50 Гц в растворах хлорида натрия с добавлением гидроксида натрия. Показано, что при изменении плотности тока на электродах в интервале 50-250 А/м<sup>2</sup> величина выхода по току растворения каждого алюминиевого электрода понижается в среднем от 280% до 75%. Установлено, что при оптимальных условиях электролиза ( $i = 50$  А/м<sup>2</sup>,  $\text{NaOH} = 0,05$  н,  $\text{NaCl} = 1$  н,  $t=20^\circ\text{C}$ ) средняя величина выхода по току образования гидроксида алюминия составляет 280%. Впервые показано, что при поляризации переменным током скорость растворения биполярного алюминиевого электрода практически равна скорости растворения монополярных электродов.

**Ключевые слова:** электролиз, поляризация, алюминий, гидроксид натрия, электролит.